



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі.11 үй
тел: 55-66-31, 55-66-37, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел: 55-66-31, 55-66-37, факс: 55-72-94

№
15.08.18 № 3 ге

**Тұрақты комиссияның
2018 жылғы 15 тамыздағы
қаулысы**

**Орта білім беруде жан басына
шаққандағы қаржыландыруды
енгізу туралы**

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік – мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ орта білім беруде жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу туралы ақпаратын тыңдап, талқылай отыра, жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды енгізу үшін негіз Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасының Үкіметіне 2016-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасына енгізілген пилотты мектептерде жан басына шаққандағы қаржыландыруды кезең-кезеңмен енгізу жөнінде берілген тапсырмасы екендігін атап айтты.

Педагогикалық әлеует рөлін күшейту есебінен білім беру сапасын көтеру мақсатында білім беру мекемелерінің шығындарын қаржыландырудан оқушылар санына байланысты оларды оқыту шығындарын қаржыландыруға көшу ұсынылады.

Осы мақсаттарда әрбір толық жинақталған мектептерде жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу шегінде апробацияланған пилотты мектептер үлгісі бойынша қамқоршылық кеңестері құрылды. 2018 жылдың 1 қыркүйегінен бастап жан басына шаққандағы қаржыландыру кешкі мектептен (№39) және дарынды балалар мектептерінен (№№81, 82, Зерде, қыздар мен ұлдар үшін ҚТЛ) басқа 74 толық жинақталған мектептерге енгізіледі.

Білім беру ұйымдарының жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі алдағы қаржы жылына Әдістемеге сәйкес анықталады, ол бойынша 1 қыркүйектен бастап 2018 жылдың соңына дейін 74 мемлекеттік мектеп пен 11 жекеменшік мектепті республикалық бюджеттен жан басына шаққанда қаржыландыру 2,7 млрд. теңгені, ал жергілікті бюджеттен жылдық бюджет 79 мемлекеттік мектепке 23 млрд. теңгені құрайды.

Орта білім беруді жан басына шаққанда қаржыландыру көлемін есептеу әдістемесінде түзету коэффициенттері қарастырылған, олар мектептің әлеуетіне

және нақты тығыздығына байланысты болады. Коэффициентті пайдалану мектепті қайтадан қаржыландыруды және толық түрде қаржыландыруды болдырмау үшін қажет.

Астана қаласы бойынша бір балаға норматив түзету коэффициентін қолданумен орта есеппен 187 мың теңгені, жан басына шаққандағы қаржыландыруға дейін 162 мың теңгені құрайды.

10 мектепті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын нысанына ауыстыру мүмкіндігі қарастырылуда.

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік – мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **қаулы етті:**

1. «Орта білім беруде жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу туралы ақпарат» назарға алынсын.

2. Білім беру ұйымдарының ұйымдастыру және қаржылық мәселелерді басқару қызметін жақсарту және білім беру үрдісін ұйымдастыру тиімділігін көтеру мақсатында Астана қаласының орта білім беру мекемелерінде жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды енгізу мақұлдансын.

**Астана қаласы мәслихатының
әлеуметтік – мәдени даму
мәселелері жөніндегі тұрақты
комиссиясының төрағасы**



М. Шайдаров